EL BEREKESI – BIRLIKTE!

DOSTYQ

№ 27
(11437)
Жұма
10 шілде
2026 жыл

Зайсан ауданының қоғамдық-саяси газеті.Газет 1930 жылғы 1 қазаннан шығады

Республикада

Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы

2026 жылғы 01 шілде

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қ.Тоқаев
Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде
№ 1338

● «Баспасөз – 2026»

«Достыққа» жазылыңыз!

«Газет – халықтың құлағы, көзі, һәм тілі», - деп Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, газеттің адам өміріндегі, қоғамдағы рөлі әрқашан да маңызды болып қала береді. Иә, қазіргі таңда заман ағымына байланысты интернет торабындағы әлеуметтік желілерде жаңалықтар мен ақпараттар легі толассыз.

Алайда, олардың кейбірі толыққанды түрде дәйексіз болып келеді. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда ауданымыздың жетістіктері, атқарылып жатқан игі істері мен жаңалықтарын оқырман қауымына жеткізуді мақсат еткен аудан айнасы – «Достыққа» жазылу жүріп жатыр.

Газетке қала тұрғындары «Достық» газеті редакциясына Зайсан қаласы,

Абылайхан көшесі №30 мекенжайына келіп, есеп бөлімі арқылы жазылуға болады.

Ал ауылдық жерде «Достықты» таратушылар арқылы жаздыра аласыздар.

Телефондар: 21-378, 21-903, 21-856.

Өз газетіңіз «Достыққа» жазылуға асығыңыздар!

Ауданда

Астана күні мерекеленді

Осы аптаның дүйсенбі күні елімізде елордасы – Астана күні сән салтанатпен аталып өтілді. Зайсан қаласындағы «Арбат»алаңында өткізілген мерекеге қала тұрғындары мен жан-жақтан келген қонақтары қатысты.

Салтанатты жиында аудан әкімінің орынбасары Ермек Қорабаев жиналған қауымды дәстүрлі Астана күні мерекесімен құттықтап, өзінің ізгі тілектерін білдірді. Сонымен бірге, мерекелік сәтте Қазақстан Республикасы Президенті Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2026 жыл 29 мамырдағы №1295 Жарлығымен марапатталған көп балалы, ардақты аналар, Кеңсай ауылдық округінің тұрғыны Кәмелбек Гүлзипаға «Алтын алқа», Қаратал ауылдық округінен Әйнекова Жансая Дарқанықызына, Айнабұлақтан Аймұханова Шынар Бақытбекқызына,Тасбастау ауылының тұрғыны Дәулетбек Гүлсараға «Күміс алқа» мен куәліктерін тапсырып, ақ жаулықты аналарға гүл шоқтарын тарту етті.

Салтанатты кешке жиналған қауым аудандық мәдениет үйінің өнерпаздарының мерекелік концертін тамашалады.

Ақпараттық хабарлама

Зайсан аудандық «Достық» газеті редакциясы ЖШС-і Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес газетте үгіт материалдарын орналастыруға арналған төлем мөлшері бір шаршы сантиметр үшін ҚҚ салығын қоспағанда 600 теңгені құрайтынын хабарлайды.

Зайсан қаласының 155 жылдығы қарсаңында

Тарих беттері сыр шертеді...

Алыста жүрсем – аңсарым менің,
Шөліркей қалсам – кәусарым менің.
Кеудемде жүрек, жарыла жаздап.
Сүйемін сені , Зайсаным менің.
Қырандай өршіл қайсарым менің,
Анадай дарқан жайсаңым менің.
Іздесем тынбай, өзіңдей мекен.
Табармын қайдан, Зайсаным менің?!

Тоқтарбек Қызықбаев.

Алдағы күндері аудан орт алығы- көне шаһар Зайсан қаласының 155 жылдығы мерекеленбек.Бір жарым ғасырдан астам уақыттың еншісін бағындырған қаланың тарих қойнауына қатталған парақтарын ақтарғанда талайларды тамсандыратын шежіредан сыр шертеді.

Нақтырақ айтар болсақ, Зайсан қаласы Сауыр тауын бойлап, етегіндегі «Кішкене таудың» сай саласы арқылы оның ойпатына құлай ағатын «Жеменей» өзенінің жазыққа шығатын жоғарғы сағасына орналасқан.Осы ретте алтын әріппен жазылған тарих парақтарына жүгінсек, кезінде 1867 жылы патша өкіметінің тапсырмасы бойынша генерал И.Ф. Бабков шекараны нығайту үшін әскери бекініс (камал)салатын жерді түбегейлі шешіп белгілейді. Соның нәтижесінде 1868 жылы сол уақытқа дейін Меркіт руы иемденіп келген жерге Зайсан қаласының іргесі қаланып, арада өткен үш жылдан кейін, 1871 жылы қала мәртебесіне ие болған.Оның дамуы,шаруашылық өмірі, Зайсан көлі Ертіс су жолымен тығыз байланысты болған.Сол кезде әрісі Омбы, берісі Қарқаралы, Кереку, Семей. Өскеменнен ағылған саудагерлер, жолаушылар, кірешілер Зайсанның есімін асқақтатты. Қазақ даласынан Қытай, Тибет, Синьзянға жүн, тері, мал, ағаш,тағы басқа шикізат түрлері өткізілсе, ол жақтан мата түрлері, киім- кешек,қол өнер бұйымдары тасымалданғаны туралы нақтылы деректер бар. Оның барлығы Зайсан кедені арқылы өткендіктен қаланың маңызы арта түскен.

Қалада 1874 жылы ауылшаруашылығы мектебі ашылып,осы сала бойынша білім берген. 1880 жылы Зайсан қаласынан он бес шақырым жерде төрт жылдық Бесен ауылшаруашылық мектебі болған. 1902 жылы осы мектепте 22 ер бала оқыған. Ол 1914 жылға дейін жұмыс істеген.

Тарих парағындағы мәліметтерге жүгінсек, , Зайсан қаласы 1875 жылы жаңадан құрылған Зайсан уезінің саяси әкімшілік орталығы болған. Онда уездік басқарма, кеден, қаржы, байланыс бөлімшесі-пошта, телеграф ,орман мекемелері құрылып, өз тірліктерін бастаған.1876 жылы қалада ауа райын болжайтын станция, 1883 жылы қыздарға арналған училище, 1886 жылы 26 наурызда халыққа қызмет көрсететін алғашқы кітапхана, сол жылы ұлдарға арналған шіркеулік приход училищесі жұмысын бастаған. Сол кезде ол білім минстрлігіне бағынышты 3 сыныпты мектеп болып қайта құрылған.1887 жылы жеті жылдық жоғары бастауыш училище ашылып, онда ұлдар мен қыздар бірге оқыған. 1889 жылы 7 төсек орынды емхана ашылған. Тарихи ақпараттар5а 1880 жылы Семей қаласымен байланыстыратын телеграф сымы тартылғаны дәлел.

XIX ғасырды ң 70 – жылдарынан бастап Зайсанда сауда саласын нығайтуға ерекше назар аударылған. Сауданы нығайту мақсатында жыл сайын мамыр айында өткізілетін «Никольск» жәрмеңкесіне орталық Азиядан,Россиядан, Қытайдан, Монғолиядан саудагерлер арнайы келіп қатысқан. Патша өкіметі көршілес Монғолиямен өзара тиімді сауда байланысын жолға қойған. Мәселен, бұл істе «Савва Морозов және оның ұлдары» атты мәскеулік фирма белсенді қызмет атқарған.

Сол заманда Г.Н.Потанин өз жазбасында ; «Зайсан»постысы екіге бөлініп ағатын Жеменей өзенінің шығыс жағында үлкен бір көшеден тұратын Казачье слабодасы бар. Ал өзеннің батыс жағында үш – төрт көшеден тұратын слабода, мектеп, ағаштан салынған шіркеу үйі, приставство басқармасының үйі, сауда алаңы, шикі кірпіштен салынған 110 шамалы және ағаштан жасалған 7 тұрғын үйлер бар»деп жазған. Сол кездегі ақпаратқа сүйенсек, қалада 2663 орыс және 122 қазақ тұрғын болған. Ал XX – ғасырдың басында көпестер қаласы – Зайсан көп ұлтты орталықтың біріне айналған. Сол секілді XIX - ғасырдың соңғы ширегі мен XX-ғасырдың басында көне шаһар Зайсан қаласы – Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Гобиі, Тибет, Тянь-Шань , Монғолия, орталық және орта Азияның кейбір аудандарын зерттеуге шығатын экспедицияларды аттандыратын аттандыру пункті болған. ..

Зайсан қаласында 1887 жылы сыр шығаратын,шырағдан жасайтын, шошқа майын қақтайтын зауыттар салынған.Екі тері өңдейтін зауыт болған. Фунтиков, Ахтямов деген азаматтардың кірпіш шығарған, Асташевтың пима басатын зауыттары жұмыс істеген. Екі сабын қайнататын орын өз тіршілігін бастаса, Жеменей өзенінің бойында Дображинскийдің сыра зауыты уезді ғана қамтып қоймай, өз өнімін шетке экспортқа шығару деңгейіне жеткен. Зайсан шаһарына басқа жақтан әкелінген темір рудасы өңделіп, Қытайға, Тибетке,Моңғолияға экспортқа жіберілген.

Сол кезде ішкі Ресейден қоныс аударушылар негізінен Зайсан қаласына шоғырланған. Ақпарат көздеріне жүгінсек, 1887 жылы қала тұрғындарының әлеуметтік құрамы төмендегідей болған. Дворян, офицер, чиновниктер -31,дін өкілдері – 11,саудагерлер мен құрметті азаматтар – 28,мещандар-194,шаруалар -298,әскерлер мен төмен шенділер және олардың отбасы-1313,казак – орыстар -616,әртүрлі категориялар -11.Сол сияқты діни нанымдар бойынша прославие өкілдері-2017,католиктер-6,протестанттар -1,иудистер-10,мұсылмандар - 470 болғаны туралы деректер жазылған. Ол кезде қалада екі шіркеу болған. Біреуі Александр Невский деп аталса, екіншісі Жеменей өзеніне салынған көпірдің солтүстік шығысында орналасқан.Мұсылмандардың екі мешіті болған, оның біреуі- қазақтардікі, екіншісі –татарлардікі. Ол аудандық полиция бөлімінің қазіргі клубы. 1904 жылы Зайсан қаласында қазақ-татар мешіттеріне арналып жаңа үйлердің құрылыстары салынған.Осы уақытта татар ұлтының ұлдары мен қыздарын оқытуға медресе үйлері бой көтерген. XIX – ғасырдың соңында Зайсан уезінде 12 мектеп болған.Онда 350 оқушы білім алған, 17 мұғалім дәріс берген.

Тарих беттерінің парақтарында 1910 жылы қала халқының саны – 5147 болған айтылады. Сол уақытта Зайсан Шығыс өңіріндегі Семейден кейінгі мәдениет орталығы атанған. 1910-1912 жылдары Зайсан қаласында алғашқы жаңа әдіс(Усул Жадид)мектептері пайда болған. Ол «Төте оқу»деп аталған.1905 жылы Зайсанда татар- қазақ медресесі ашылып,оған балалар қабылдаған.Онда 40- 50 бала оқыған. Ал 1911 жылы Маңырақта орыс – қазақ болыстық мектебі ашылып, онда жалшы, кедейлердің отбасынан 22 бала білім алған . 1913 жылы Зайсан қаласында қазақ мектебінің негізі қаланған.1884-1919 жылдар аралығында астыртын құрылған Зайсан совдепінің халық ағарту бөлімін Қазанда оқып, білім алған сауатты азамат Смағұл Манапов басқарған.

Қалада 1914 жылы 20 қазан күні бірінші банк өз жұмысын бастаған. Сол кездегі орыс – моңғол қоғамының төрағасы А.Ф. Казаринов банкіге пайдалануға 1894 жылы салынған өз үйін тегін берген. Сол жылы Шығыс Қазақстан бойынша бірінші болып Зайсанда жүк тасымалдау мекемесі

өз жұмысын бастаған. Ал 1917 жылы Манапов Смағұл Ыбырайұлының бұрынғы Интернациональ көшесіндегі № 22үйінде жасырын түрде қоғамда, қала өмірінде болып жатқан жаңалықтарды, тыныс тіршілікті халыққа жеткізетін «Ұшқын», «Искра»атты парақша шығарылған.

1918 жылы 22 ақпан күні Зайсан қаласында Кеңес өкіметі орнаған. 1920 жылы қалада азаматтық хал- актілерін тіркеу бөлімі құрылған.Осы жылдың қазан айында Зайсанда орыс, қазақ мектептері ашылып, қазақ мектебі оқуды 100 шәкіртпен бастаған. 1920 -1930 жылдары Зайсан қаласында мұғалімдер

даярлайтын қысқа мерзімді курстар жұмыс істеген. 1922-1923 жылдары Зайсан уезінің 50 мектебінде 2400 бала білім алған. Оларға 70 мұғалім сабақ берген. 1930 жылы шаһарда педагогикалық училище ашылып, оның жанында жеті жылдық мектептер үшін үш- алты айлық пән мұғалімдерін даярлау курстары, сырттай оқыту бөлімі ұйымдастырылған. 1948 жылы училищеге 4 жылдық оқу мерзімі белгіленген. аталған білім орда-

Зайсан қаласында 1928 жылы әлеуметтік қорғау, аудандық тұтынушылар қоғамының одағы,1929 жылы аудандық суландыру жүйесі басқармасы , ауылшаруашылықтарын коллективтендіру мекемелері пайда болған.1930 жылы қалада баспахана құрылып, іске қосылған. Онда «Социалистік жол», «За большевистские колхозы»газеттері басылып, оқырманға таратылған. Ал 1932 жылы Зайсан қаласында ра-

сы 1955 жылы жабылған.Қалада 1945 жылы қазіргі кәсіптік- техникалық колледждің , 1958 жылы Зайсан қаласында музыкалық мектептің негізі қаланған.Сол секілді 1960- 1961 жылдары кезінде түрлі себептермен білімдерін жалғастыра алмаған ересек адамдарға арналып облыстық сырттай оқыту бөлімінің Зайсан қаласында бөлімшесі ашылған. 1971 жылы қалада «Жас техниктер»станциясы өз жұмысын бастаған.

1922 жылы Зайсанда 15 төсектік уездік аурухана құрылып, іске кіріскен.1927 жылы ондағы төсек саны 35- ке жеткізілген.1933 жылы аудандық денсаулық сақтау бөлімі құрылған.1934 жылы терапия,1937 жылы 7 төсектік перзентхана, тіс емдеу, 1942 жылы хирургия, 1947 жылы жұқпалы ауруларды емдеу бөлімдері 1945 жылы дәрі дайындау, саудалау дәріханасы құрылған. Денсаулық бөлімі 1957 жылы таратылып, медицина саласын басқару ауруханаың бас дәрігеріне жүктелген. Қалада 1958 жылы 25 орынды өкпе ауруын емдеу ауруханасы, 1960 жылы аудандық ауруханаың жедел жәрдем көрсету бөлімі , 1967 жылы 25 төсектік жүйке, нерв ауруларын емдеу бөлімдері өз жұмысын бастаған,

XX – ғасырдың басында кәсіппен айналысқан К.Н.Собачкин деген азамат Жеменей өзенінің «Лақ сай» деп аталатын жерінде сынап өндірумен шұғылданған.

1926 жылы Зайсан қалалық Советі ұйымдастырылған. Зайсан уезінің таратылуына байланысты 1928 жылғы 3 қыркүйек күні Зайсан қаласына аудан орталығының мәртебесі берілген. Қалалық кеңес атқару комитетінің төрағалары болып әр жылдары П.М.Горбачев, Анисимов, П.А.Терехин, Коновалов,Пятеркин, Еремин,Бедриков,И.И.Гвоздеев,Бедриков,М.Ф. Ирхо, Колмогоров, Бедриков, Безрук қызмет атқарса, 1961 жылдан бастап, қазақ ұлтының өкілдері Б.Мұхаметжанова,У,Керімбаев, М.А.Айдарханов, Г.Н. Тюменцов, Қ.М.Иманқұлов, А.С. Байжасарова, Д.Т.Тұржанов, Р.Сансызбаев қызмет атқарған.

Зайсан ауданы әкімінің 1993 жылғы 14 желтоқсандағы №326 Жарлығы негізінде қалалық Кеңес өз жұмысын мезгілінен бұрын тоқтатқан. Құрылымы өзгеріп, Зайсан қалалық әкімшілік аумақтық округі құрылған. Зайсан қаласының алғашқы әкімі Р.Сансызбаев болған.

Рухани өмірдің бастау көзі – мәдениет саласы десек, Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Шығыс жерінде алғашқының бірі болып, 1936 жылы Зайсан қаласында қазақ театры құрылған. Оны алғашқы жылдары М.Өтеулин, Т.Бітімбаев басқарған. Ал 1948 жылы Өскемен қаласында орналасқан колхоз – совхоз театры Зайсанға көшіріліп,үлкейген ұжым бұрынғы татар мешітіне қоныстандырылған.Оның тұңғыш директоры Мейірман Спанбетов болған. Бұл кәсіби театр 1953 жылы жабылып , труппаның негізгі әртістері Семейдегі театрға ауысқан.

дио сөйлей бастаған. 1936 жылы сүт қабылдайтын пункттер ұйымдастырылып, 1954 жылы Зайсанда тұрмыстық қызмет көрсету мекемесі құрылған. 1960 жылы қалада май шығаратын зауыт құрылыс салынған. 1960 жылы алғаш рет тұрмыстық қамту мекемесі жанынан суретшілер шеберханасы ұйымдастырылған. Қазақ ССР Минстрлер Советінің 1965 жылғы 15 ақпандағы №36 бұйрығына сәйкес қалада «Казсельхозтехника» бірлестігі құрылған. Бұл мекеме аудандағы шаруашылықтарды қажетті құрал , бөлшек саймандармен қамтамасыз етумен шұғылданған.Сол кездері мекеменің еңбекерлері арасынан іскерлігімен танылған Сейітбек Бақтияров, Мәрия Бурханова, А.Т.Куроленко «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталған.

Қалада жол құрылысымен шұғылданатын ДЭУ-553, ДЭУ-338,ДСУ-62 мекемелері құрылып, одақтық, республикалық маңызы бар және жергілікті жолдарды салып, көпшілктің алғысын арқалаған.Кран машинисі Аманкелді Бекбаев 1984 жылы Қазақ ССР-і Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанса, М. Қабиев «Құрмет белгісі» орденімен марататталған. Қазақ ССР-не еңбегі сіңген жолшы атағын алған.

1964 жылы қалада №7 жылжымалы механикаландырылған колонна құрылған. Ол Зайсан өңіріндегі алғаш ұйымдастырылған азаматтық күрделі құрылыстарды жүргізуге бағытталған арнайы кәсіпорын болған.Сонымен қатар қаладағы барлық салалардың , атап айтқанда мәдени – ағарту, медицина, өндіріс саласындағы ғимараттарды, көп қабатты тұрғын үйлерді салды. Осы мекеменің озат тас қалаушысы Қазбек Теміров «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып,1978 жылы «Қазақ ССР- нің еңбек сіңірген құрылысшысы»атағын алды. Зайсан қаласында «ПМК -59» мекемесі күрделі құрылыс нысандарындағы су құбырларын ,жылу жүйелерінің құрылыс жұмыстарын жүргізді.

Зайсан қалалық кеңесінің аумағынан 1971 жылы КПСС XXIV сьезі атындағы совхозы құрылған. Ол көкөніс, баубақша өсірумен және мал шаруашылығымен айналысқан. «Алатау» тұқымды сүтті ірі қара өсірген. Шаруашылық орталығы тың жерден бой көтерген. Онда бетон зауыты, ағаш өңдеу цехтары жұмыс істеген. 1973 жылы Зайсан тарихи -өлке тану мұражайы ашылған. Ал 1976 жылы аудандық мәдениет бөлімінің жанында суретшілер шеберханасы құрылған.

Тізбектей берсек, Зайсан қаласының тарих парақтары сан қырынан сыр шертеді. Осындай құнды шежірелердің жас ұрпақтарға берер тағылымы мол.Тарих парағындағы құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа мұра болатыны сөзсіз.

А.БӨЛДЕКБАЕВА.

Зайсанның 155 жылдық тойына арнау

Шығыстың шалғай шетінен,
Жарқырап жұлдыз нұр Зайсан.
Кетесің қалай есімнен,
Қуансам, әлде мұңайсам.
Бір жарым ғасыр ғұмырда,
Кешпедің қандай тағдырды.
Өзіңде туған ұрпақпын,
Арнаймын саған ән жырды.
Нұр Зайсан нұрлы мекенім,
Ардақтап атыңды өтемін.
Аңсасам әркез сағынып,
Алып ұшып жетемін.
Ой, қырыңды аралап,
Қия алмай әрең кетемін.

Зайсаным менің – Зайсаным,
Шығысқа шырай байтағым.
Жүрегім қалат өзіңде,
Кеттім деп қалай айтамын?!

Зайсаным менің – Шырайлым,
Сарғайғанда өлең құраймын.
Шеттеп жүрмін өзіңнен,
Бұйрығы шығар құдайдың.

Бір жарым ғасыр ғұмырға,
Қарайын ақын көзімен.
Арнауым керек өзіңе,
Ақын балаңның сөзімен.

Құтты болсын ұлы той,
Құрмет қылған ел жұртың.
Өзіңде туған есті ұрпақ,
Ұмыта алмайды ел бір күн.

Шырайлы шығыс Зайсаным,
Сауыр мен Сәмен Сайқаным.
Бауырында тұнық Зайсан көл,
Қойнында жатқан қоңыр тау –
Маңырағыңды айтамын.

Көңілге бәрін сақтағам,
Зайсаным үшін мақтанам.
Тойлатып жатқан халқыма,
Мейірімін төксін Сақ бабам.

Құтты болсын ұлы той,
Жасалған тойды құптадым.
Құттықтаймын бәріңді,
Аяулы Нұр Зайсандықтарым.

Тақат Сүлейменұлы,
Алматы.

Биыл – Зайсан қаласына 155 жыл

Басынан – талай тарих көшкен Зайсан

Зайсан әскери қамал, шағын елді мекен болғанымен, Ресей мен Қытай арасындағы шекараға орналасқандықтан оның атағы дабырайып, мәртебесі ерекше асқақтады. XX ғасырдың басында Орталық Азияны зерттеуге құлшыныс білдірген саяхатшылардың тірек пунктіне айналды. Қазақ даласынан Қытай, Тибет, Синьзянға мал өнімдері өткізілді, ол жақтан мата, киім-кешек, қол-өнер бұйымдары жеткізілді. Зайсан қалашығының дамуына, Зайсан көлі, Ертіс су жолы үлкен ықпал етті. Әскерилер қарауындағы Зайсан бекінісіне саудагерлер көбейе бастады. Олар өздерінің жылжымайтын мүліктерін тек бекініс маңында ғана емес, сонымен қатар шекаралық аймақтарда да жүргізе бастады. Тұрғындар Ресей мен шекаралық шептегі Қытай провинциясы мен сауда байланысын орнатты. Нақты дәлелдермен Зайсан бекінісін қала деңгейіне көтеру туралы мәселелер көтерілді.

1871 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторының бұйрығымен Зайсан бекінісі қайта жоспарланып, Зайсан қаласының жобасы үшін жер бөлінді.

Халықтың санының өсуі, сауданың қарқынды дамуына байланысты, 1871 жылы Зайсан қала мәртебесіне ие болды. Зайсанға қала статусын беру Ресей мемлекеті үшін Қытай, Тибет, Монғолия, Шыңжанмен сауда жасауға тиімді болды. Пошта мекемесі ашылып, Семей, тағы басқа қалалармен байланысатын сым (телеграф) жүйесі тартылды. Ресей мен Қытай мемлекеттері арасында жасалған Петербург келісімінен кейін екі мемлекет арасында сауда жасау қарым-қатынасы еш кедергісіз дамып, кеден жеңілдіктері жасалды. 1898 жылы Павлодарда – 65, Өскеменде – 37, Семейде – 97, Зайсанда – 32 ірі саудагерлер (гильдин) болды.

Тұрғындар саны 1897 жылы Семейде - 26 353, Зайсанда - 4 471, Өскеменде – 8 958. Павлодарда -7 730 болды.

1897 жылы аталған қалаларда сауаттылық деңгейі: Павлодарда – 31,1%, Семейде - 27 пайыз, Өскеменде – 30,9 пайыз, Зайсанда – 31,6 пайыз болды. Яғни, Зайсан қаласының сауаттылығы бәрінен жоғары болған.

Зайсан қаласында 1904 – 1907 жылдары атақтары шығып, халыққа белгілі болған ауқатты көпестер, қызметкерлер мен саудагерлер: Абылханов Сағидолла, Абдрасул, Асташов, Агинеев Құрбат, Анваров Валиулла, Абылханов Юсуп, Ахтямов Ахметзәки, Ахтямов Сафа, Ахтямов Абдулла, Ахунов Абдулнаби, Айғозин Хаким, Атапов Михаил, Абдурасулходжа Айтқожа, Ахтямов Ғұмар, Ахунходжаев Хожаджан, Әбдірахманов Мұхаммед, Әбдірахманов Абдурасул, Әубәкіров Ғалымжан, Әбдірашитов Сағындық, Әбдірашитов Мұхаммед, Әбдірашитов Седық, Байболов Бейсенбай, Баймұрзин Қадырбай, Бикчентаев Токфулла, Бекшентаев Жүсіпхан, Бариев Саиднасим, Батрутдинов Ахмед, Батрутдинов Ғабдулвалий, Белоглазов Михаил, Боков Макар, Бобкин Фидеахмет, Бабаев Сәлімжан, Боровцев Федор, Битраков Мұхамеджан, Батыршин Хисамутдин, Бабаев Керімберді, Булатов Ибрагим, Бекметов Мұхамедрахым, Бальшаков Андрей, Бодажин С, Валитов Латиф, Волков Петр, Васильев Андрей, Волков Василий, Вахрушев Степан, Губин Илья, Гришин Трофим, Гайфутдинов Хайрулла, Гребенщиков Петр, Голенецкий Владимир, Горбатов Павел, Газатуллин Гильфан, Григорьев Иван, Дәулеткелдиев Мұхамеджан, Даулеткелдиев Дада, Дегтяров Петр, Деникин Василий, Долженков Андрей, Долженков Алексей, Демурук Исаак, Дуткин Григорий, Ерзин Халиулла, Ерзин Мұхамед-Хакаф , Ерзин Хасан, Жанболатов Хабибулла, Жанбулатов Мұхамед Ғали, Жилин Григорий, Жолбудаев Сағадат, Зурманбаев Жаңабай, Ибрагимжанов Разыкжан, Иштеряков Абдрахман, Иванов Илья, Казаринов А. Ф, Қадралин Хасан, Канцеров Хусаин, Левицкий Иван, Манафов Ибрагим, Манапов Ыбырай, Мұхитдин Қожай, Мулашев Мұхамедияр, Мичурин Василий, Мусин Газатулла, Мамлеев Камалетдин, Мухаметшин Қанафий, Манғожин Жиенбай, Манғожин Қыстаубай, Мергенбаев Сүлеймен, Насыров Сафа, Осипов Николай, Өскенбаев Юсуп, Павлов Иван Павлович, Пальшин Дмитрий, Петржкевич Иосиф, Плотников Михаил, Плотников В.Г. Пономарев Николай, Рожков Фаддей, Рожков Михаил, Рахимшейхов Икрам, Рахимшейхов Таш – Шейх, Сорокин Логин, Собачкин Константин, Сайфутдинов Сағидулла, Сатлыков Сетдых, Сейфуллин Юсуп, Семенов, Сейфуллин Якуп, Сейфуллин Қалияш, Сидров Павел, Соколов Андрей, Сабитов Аюб, Сендукова Сарни, Сәтбаев Баязит, Сыпырындыұлы Әбдірахман, Сәлімбаев Мұхамед-Ғали, Сейдукова Жамал, Титов Н, Г, Татанов Хален, Татанов Жүніс, Тихнов Н, Тоғысбаев Шәкір, Тычинский Михаил, Теплев Виктор,Тоқсанбаев Ахмеди, Тухфатуллин Валиулла, Үкібаев Айтмұхамед, Усманов Исматулла, Устюжанин Вячеслав, Федоров Григорий, Файзуллин Мударис, Фунтиков Михайл, Хохлов Андрей, Хахлов Александр, Хайбулин Зайнулла, Ходжаев Насрулла, Ходжаев Хаким, Хуснутдинов Абдрахим, Хуснутдинов Салих, Чичков Михаил, Шарипов Мұса, Шарипов Мұхаммед, Шариутдинов Абдулгалий, Шәкіржанов Мырзакамал, Шамұхаметов Шәкір, Шаметдинов Хайбулла, Шамсутдинов Мәулет, Ягуфаров Сүлеймен. Бұлардың бәрі де ауқатты адамдар, фабрика, зауыт, сауда мекемелерінің қожайындары, қысқартып айтқанда Зайсан қаласының ірге тасын алғаш қалағандар. Осындай іскер азаматтардың арқасында Зайсан тез өркендеді. 53 жыл Зайсан уезінің, 98 жыл Зайсан ауданының орталығы болған шығыстағы әсем шағын қала.

Зайсан қаласы талай ақын – жазушылардың шығармаларына арқау болды. 155 жыл тарихы бар қала бұл күнде өсті, өркендеді күн сайын абаттанып, көркейіп келеді, болашағы жарқын. Оған қазіргі атқарылып жатқан игі істер куә.

Өр – Зайсан, сұлу Зайсан, мақпал Зайсан,

Төр – Зайсан, төрден таң бол атқан Зайсан.

Бел – Зайсан, бесік қоңырау қаққан Зайсан.

Көл – Зайсан, көз ұшында аққан Зайсан.

Анамның - тумасындай мақтан Зайсан,

Балаңмын – сыры ашылмай жатқан Зайсан.

Бабамның – мұрасындай тапқан Зайсан.

Даламның – құлашындай жапқан Зайсан.

Нұр – Зайсан, нұрын елге шашқан Зайсан,

Жыр – Зайсан жүрекке жол ашқан Зайсан.

Сыр – Зайсан сырын ішке бүккен Зайсан,

Бұл - Зайсан әлемге аты асқан Зайсан.

Ән – Зайсан, әсем Зайсан, әуен Зайсан,

Сән – Зайсан, салтанаты дәлел Зайсан.

Күн – болып таң алдына келген Зайсан.

Түн – болып қараңғыға енген Зайсан.

Тасынан – тау самалы ескен Зайсан,

Басынан – талай тарих көшкен Зайсан.

ҚАЛИБЕК АЛТЫБАЕВ,

Зайсан ауданының құрметті азаматы,

Қазақстан Жазушылар, Журналистер Одақтарының мүшесі,

Қазақстан Рекордтар кітабына кірген сөзжұмбақшы.

Біздің жерлестеріміз

Дарынды азаматтың қарымды қадамдары

Зайсан ауданының, бертін келе Шығыс Қазақстан облысы өнерінің тарихында қалған жандардың бірі деп мен осы өнерге шама-шарқынша атсалысып, өзін әрдайым жақсы қырынан көрсете білген арқалы азамат Тақат Сүлейменовті атаған болар едім. Олай деп айтуға менің толық хақым бар, өйткені, өзіммен қатар жүрген, тікелей куә болған, көптеген сайыстардағы Тәкеңнің өрелі өнері әлі күнге көз алдымда. Екеуіміз 1986 жылдың қарашасында Өскемен қаласының Металлургтер сарайында өткен, өзіміз тұңғыш қатысқан облыстық ақындар айтысында танысқан едік. Арамыздағы әу дегендегі селкеусіз таныстықтың үзілместен, нығайып, жалғаса келе, ақырында нағыз шынайы достыққа ұласқаны рас. Ойлап тұрсам, содан бері табаны күректей қырық жыл уақыт өткен екен.

Сонау қылыштай қылпып тұрған қырықтың маңайындағы алғыр кезең артта қалып, Тақат досым екеуіміз бүгінде жетпісті алқымдаған, немерелер «аталаған» ақсақалға айналыппыз. Бірақ, оқта-текте жолыққанымызда арамыздағы жарасымды әңгімеден сол бір алаулы шақтардың қылаң беріп, алыстан бір қол бұлғап қалып жататыны да шындық. Мен Тақаттан төрт жас кішімін, бірақ екеуіміз танысып, атыжөнімізді білісіп, бірер ауыз қалжың сөзбен қағысқан сәттен бастап, арамызда қолма-қол ұғысқан, бірден жарасқан сыйластықтың орныққаны рас болатын. Айтыс өнерінің жыртысын жыртып жүрген он шақты жылдың бедерінде республика көлемінде көптеген өнерлі, дарынды, қарымды азаматтармен танысып, сыйласып жүргеніміз рас. Бірақ, шынымды айтар болсам, солардың ешқайсысымен дәл осы Тақаттай араласып, сағынысып жолығатын адамның болмағанын атап айтқым келеді. Мұны нағыз достық деп айтуға әбден болатын сияқты, себебі, біраз көрмесек, сағынысып, кездесуді аңсап тұратынымыз шындық. Және сол қарым-қатынасымызды үзбеуге тырысатынымыз, барынша күш салатынымыз да ақиқат.

Жоғарыда айтып кеткенімдей, Тақат Сүлейменұлын білетіндер көп. Ал, енді, оны жақсы білмейтіндер үшін өткен шақтың жайлауына біраз ат шалдырып, ақын, әнші, термеші, балуан, жайдары да жарқын азаматтың өмір тарихына тереңірек үңіліп, шамам келгенше шолу жасап өтейін.

Тақат Сүлейменұлы 1956 жылдың 21 тамызы күні Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылының жайлауы Сары Қайқаңның «Қу қарағай» деген жерінде дүниеге келген екен. Тақаттың әкесі Ахметов Сүлеймен сол шаруашылықтың шопаны болған, ал шешесі Әубәкірова Мүбәсшара күзетші ретінде тіркелген көмекші екен. Тақат өмірге келгенде Сүлеймен ақсақал 60 жасқа толып, зейнет демалысына шығады. Осыдан кейін ол кісі өзінің туып-өскен жері Шілікті өңіріне, ағайын-туыстарына тартып, солай қарай қоныс аударады.

Тақаттың балалық, жастық шағы сол «Шілікті» совхозының Тасбастау ауылында өткен болатын.

-1980 жылдың тамыз айында XXIV партсъезд атындағы совхоздың Подхоз бөлімшесіне барып, механизатор ретінде жұмысқа орналастым,-деп естелік айтады Тақат Сүлейменұлы. – Мен «Шілікті» совхозында жүргенде көркемөнерпаздар байқауларына қатыса бастаған болатынмын. Сол кезде белгілі ақын Хамит Балшабеков, совхоздың жұмысшы комитетінің төрағасы Оралбек Бөкебаев, комсомол комитетінің хатшысы Тілеухан Маткаримов және мәдениет бөлімінде қызмет істеген жігіттер маған дұрыс бағыт-бағдар беріп, сол тұста алғаш басталған «айтыс» деген өнерге бойұра бастадым. Мен айтысты бұрын көрмегенмін, бірақ, осы ағаларым шамалары жеткенше ұғындырып, баули бастады. Ал ән өнеріне қызығушылығым бала күннен басталған болатын. Әкемнің ағасы Ержан Ахметұлы тамаша әнші еді. Және өз әкем Сүлеймен де әншіліктен құралақан емес-тін. Естайдың, Ақанның, Мәди мен Біржанның әндерін екеуі де нақышына келтіре шырқайтын. Қазақ әндерінен «Ғайни қыз», «Ақбақай», «Ләйлім шырақ», «Әттең тонның келтесі-ай», «Гауһартас» деген әндерді әкем үйреткен еді. Ал шешем халық сазгерлерінің әндерін, кейінгі Шәмші сияқты танымал композиторлардың әуендерін насихаттайтын. Біраз есейген соң ауылымыздың әншілері Мәулімхан Мәдиев, Мұрат Мұхамадиев, Тома апай Тұрақбаева, Шәкер Машиев, Кеңесхан Лақаев сынды әншілерге еліктесек, мектепте Еркебұлан Шоматанов, Қанат Айдарханов сияқты ағаларымыздың ықпалы зор болды.

Ал Ержан атам он жасыма дейін жыршылық, жыраулық өнерді үйретіп, сол атам жаттатқан Арқалық батыр, Мырзаш батыр, Қабанбай батыр, Қыз Жібек, Қалқаман-Мамыр, Еңлік-Кебекті таңға дейін жырлайтынмын. Қыс айларында елу-алпыс үйлі ауыл кезекпен соғым басын береді. Сол басқосуларда таңға дейін ән-жыр, қисса тыңдаумен өтті балалық шағым.

Сонымен, сексенінші жылы Зайсанға келдім. Ол кезде аудандық мәдениет бөлімін Қабимолда Байытов деген ағамыз басқаратын. Мен орналасқан сол сексенінші жылдың күзінде совхоздар арасында көркемөнерпаздар байқауы болып, Мәдидің әні «Қарқаралыны» орындаған мен «Гала» концертке іріктеліп, сол арқылы көпке танымал бола бастадым.

Шынында да осы концертте көзге түскен Тақат Сүлейменов өз совхозының белді әншісі атанып, көркемөнерпаздардың ортасынан ойып орын алды. Ол әнші болып жүргенде, 1986 жылы айтыс өнерін қайта жаңғырту жөнінде Қазақстан Үкіметінің қаулысы шығып, жерде айтысқа қатысатын ақындарды іздестіру шаралары басталған болатын. Бастапқыда ақындар өз ойларын жазып алып, оны жаттап келіп айтысатын еді. XXIV партсъезд совхозы атынан айтысқа барған Тақаттың «Ақарал» совхозынан шығуға тиіс қарсыласы келмей қалып, жаттағанын құлпыртып айтып берген Т.Сүлейменов «Мақтау грамотасымен» марапатталып, айтыс ақыны ретінде мойындалып қайтты.

Көп ұзамай Өскеменде облыстық айтыс болып, онда катондық Әлібек Тойғанбаевпен, күршімдік Тамара Жанбосыновамен сөз қағыстырған Тақат облыс көлеміндегі танымал ақындардың қатарынан орын алды. Аты шыққан ақынның иығына артылар жүктің де салмақты болатыны белгілі, сол жылы күршімдік өнерпаз ақсақал Қабдолла Тұраровтың бастамасы бойынша семинар-кеңес болып, сонда Қабимолда Байытов пен Зайсан қалалық кеңесінің төрағасы Дәукей Тұржанов, «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Рахмет Түлкин, сол кездегі аудандық газеттің тілшісі Майра Байкөбекова бәрі ақылдаса келе, Қ.Тұраровтың әдістемесін қолдана отырып, Зайсаннан ақындар мектебін ашып, соған мүше тартуға келісім жасады. Бұл мектеп сол кезде ақын ретінде аты облысқа белгілі болып жүрген Сара Тоқтарбаеваның кеңесі бойынша жұмыс істеуге кірісті. Алдымен ауылдардан ақындыққа бейім жастар, дәстүрлі әндерді орындаушылар іздестіріле бастады. Оқушылар арасынан ақындар шығып, бұл мектепке жетекшілікке жас өнерпаз Анар Құсайынова бекітілді. Сол Сара апай бастап, Бикен, Беделхан, Бейсенбай, Ләззат, Бақдолда, Қазбек сияқты жастармен бірге айтарлықтай істер тындырыла бастады. Осының барлығын бүгінде Қазбек Сейілханов жалғастырып келе жатыр.

Т.Сүлейменовтің тағы бір ауыз толтырып айтарлықтай жетістігі Қарабұлақ ауылында Мәдениет үйінің меңгерушісі болып тұрған кезінде облыс ақындарының басын қосып, ауқымды айтыс өткізгендігі. «Зілзала және біз» деген ат қойып, қолға алынған бұл айтулы шараға оны қолдаған және ұйымдастыру комитетінің жетекшісі болған совхоз директоры Айнабек Хамитов, жұмысшы комитетінің төрғасы Кеңесхан Беркінбаев, бас есепші Айман Заитова, шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Темірбек Садықбаев көп еңбек сіңірді. Осы айтыс өте қызықты өтіп, оған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Зәйділбек Құнияров пен аудандық атқару комитетінің төрағасы Әскербек Белгінов жоғары баға берді.

Сәтті өткен облыстық айтыстың әсерімен қанаттанған Тақат бірінші хатшыға келіп, төтенше ұсыныс жасады. «Зілзаланың зардаптарынан ес жиып, етегімізді жаптық қой, енді республикалық деңгейдегі бір айтысты өткізіп жіберсек, қалай болады?» деген оның сөзіне алғашында басшылар таңырқай қараған болатын. Ойлана келе, мұның жаны бар сөз екенін мойындап, олар аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Рысбек Жұмағалиев екеуіне ерекше тапсырма берді. Ал осы дүбірлі өнер сайысының өте тамаша болып өткеніне бүкіл Зайсан ауданы, тіпті республикалық деңгейде айтысып жүрген атақты ақындардың баршасы бірдей куә болды.

Осыдан кейін бәрімізге белгілі үдере көшу, қоныс аудару басталып, «Балапан - басына, тұрымтай - тұсына» дейтіндей заман туды. Жұмыссыздықтан дағдарысқа ұшыраған ауыл жұрты қалалар мен кенттерді сағалап, жаппай көше бастады. Осы үрдіске ілескен Тақат та Алматы қаласына көшіп барған еді. Бірақ, ол туған жерден кіндік үзіп кеткен жоқ, ағайынмен әрдайым тығыз байланыста болды. Бұдан арғы тірлікті Тақаттың өз аузынан естиік.

– Мені бауырына салып алып, сегіз жасыма дейін бағып-қағып өсірген әкемнің ағасы Ержан атам болатын, - дейді Тақат. - Бәйбішесі Бибіш апам қайтыс болған соң атам: «Енді өзімді бағатын кісі керек» деп мені туған әке-шешеме әкеліп табыс етті. Содан бері мен Сүлеймен мен Мүбәсшараның баласы болдым. Енді маған Ержан атамның атын шығару басты арман болып қалды. Зейнетке шығып алған соң осы шаруаға бел шеше кірістім. Атамнан қалған мұраны жинастырып, арабшадан кириллицаға аударып, Алматы қаласының ЕТК колледжінің баспаханасында бастырып шығардым. Үш жүз дана кітапты бастырып шығаруға екі жыл, бес ай дегенде қол жетті. Бұл ауқымды жұмысқа жерлес бауырым Марат Қалимолдин үлкен көмек жасады.

Аталған кітаптың Өскемендегі А.С.Пушкин атындағы кітапханада өткен тұсаукесеріне мен де қатысып,

